

# ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

ӘОЖ 342.7

DOI: 10.54649/2077-9860-2021-4-9-13

**А.Р.Калимбекова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>З.ғ.к., қауымдастырылған профессор,  
Каспий қоғамдық университеті  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: akalimbekova@mail.ru

## ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІҢ ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕ КӨРІНІС ТАБУДЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада интернетте қоғамдық пікірдің көрініс табудың кейбір мәселелері қарастырылған. Қоғамдық пікірді қоғамдық пен құқықтық санамен бірге және оның оларға қандай әсер көрсетумен бірге қарастыруға әрекет жасалды. Мемлекет тарапынан қоғамдық пікірге оң көзқарас қажеттігіне назар аударылып, азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылын жақсартуда мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қоғамдық пікірді ескеру маңызды рөл атқаруы тиіс екендігі атап өтілді. Автор қоғамдық пікірдің адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау деңгейіне ықпал ету мүмкіндігіне назар аудара отырып, интернет кеңістігінде қоғамдық пікірді көрсету мәселелерін атап көрсетеді. Қоғамдық пікір теориясындағы әртүрлі тәсілдер, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікірге әсері, сонымен қатар демократиялық қоғамдағы қоғамдық пікірдің атқаратын рөлі талданады. Қоғамдық пікірге әсер ететін факторлар мен қоғамдық пікірдің құқық қолданушыға әсері қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** адам құқықтары мен бостандықтары, конституция, қоғамдық пікір, интернет, тұжырымдама, қоғам, құқықтық сана, мемлекеттік басқару.

**А.Р.Калимбекова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>к.ю.н., ассоциированный профессор,  
Каспийский общественный университет,  
Республика Казахстан, г. Алматы  
E-mail: akalimbekova@mail.ru

## НЕКОТОРЫЕ ТЕОРЕТИКО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ, ВЫРАЖАЕМОГО В ИНТЕРНЕТЕ

### Аннотация

В статье рассматриваются некоторые проблемы отражения общественного мнения в интернете. Предпринята попытка рассмотрения общественного мнения во взаимосвязи с общественным и правовым сознанием и его влиянием на них. Обращено внимание на необходимость позитивного отношения к общественному мнению со стороны государства, отмечается, что немаловажную роль при улучшении взаимодействия граждан с государством должен сыграть учет со стороны государственных органов и должностных лиц общественного мнения. Автор, обращая внимание на возможности влияния общественного мнения на уровень соблюдения прав и свобод человека, освещает проблемы отражения общественного мнения в интернет пространстве. Анализируются различные подходы в теории общественного мнения, влияние средств массовой информации на общественное мнение, а также роль, которую играет общественное мнение в демократическом обществе. Рассматриваются факторы, оказывающие влияние на общественное мнение и влияние общественного мнения на самого правоприменителя.

**Ключевые слова:** права и свободы человека, конституция, общественное мнение, интернет, концепция, общество, правовое сознание, государственное управление.

**A.R. Kalimbekova<sup>1</sup>**

<sup>1</sup> candidate of law sciences, Associate Professor,  
Caspian Public University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty  
E-mail: akalimbekova@mail.ru

## **SOME THEORETICAL LEGAL ASPECTS OF PUBLIC OPINION EXPRESSED ON THE INTERNET**

### **Annotation**

The article deals with some problems of reflecting public opinion on the Internet. An attempt has been made to consider public opinion in conjunction with public and legal consciousness and its influence on them. Attention is drawn to the need for a positive attitude towards public opinion on the part of the state, it is noted that an important role in improving the interaction of citizens with the state should be taken into account by state bodies and officials of public opinion. The author, drawing attention to the possibility of the influence of public opinion on the level of observance of human rights and freedoms, highlights the problems of reflecting public opinion in the Internet space. Various approaches in the theory of public opinion, the influence of the media on public opinion, as well as the role played by public opinion in a democratic society are analyzed. The factors influencing public opinion and the influence of public opinion on the law enforcement officer are considered.

Keywords: human rights and freedoms, constitution, public opinion, internet, concept, society, legal consciousness, public administration.

Қоғамдық пікір соңғы жылдары саясаткерлердің, әлеуметтанушылар мен заңгерлердің назарында Қазақстандық қоғам өміріндегі белсенді өзгерістер, мемлекеттік басқару саласындағы өтіп жатқан жаңғырту қоғамдық пікір сияқты ерекше құбылысқа да әсер етіліп, оған мүлде жаңа қасиеттер берілді. Қазіргі уақытта қоғамдық пікір мәселесі әлеуметтік ғылымдар саласында маңызды орындардың бірін алады. Соңғы жылдары заң ғылымы қоғамдық пікір зерттеуге ерекше қызығушылық көрсетуде. А.С. Демидовтың пікірінше, «қоғамдық пікір» құбылысының жан-жақтылығы өмірдің өзімен, қоғамдық қатынастардың әр-алуандығымен түсіндіріледі, мұнда ол «белгілі бір моральдың, қоғамда мораль көрінісі ретінде де әрекет етеді, сонымен қатар ол қоғамдық өмір құбылыстарына қатысты әлеуметтік қауымдастықтардың өзара әрекеттесуі, әлеуметтік-психологиялық коммуникативті құбылыс ролін атқарады, қоғамдық өмір де әрекет етеді.» [1]

Қоғамдық пікір тұжырымдамасының теориялық аспектілерін қарастыра отырып, А.С. Демидовпен «құқық пен қоғамдық пікірдің өзара әрекеттесуі режимдері» түсінігін енгізу және олардың жіктелуін мынадай критерийлер бойынша негіздеу ұсынылады: құқықтық жүйенің даму дәрежесі мен әлеуметтік қатынастардың даму дәрежесі; қоғамдық пікір институттарының құқықтық бекітілуі және оны білдіру нысандары; қоғамдық пікірдің құқықтық нысандарда бекітілген еркін білдіру арналарын пайдалануы [1].

Айта кету керек, құқықтық санадан айырмашылығы, қоғамдық пікірді білдірудің кейбір нысандары ресми түрде құқық нормаларында бекітілген, олар арқылы маңыздылығы үлкен шешімдер қабылдау аясында биліктің тікелей әсер етіледі.

«Қоғамдық пікір» түсінігін зерттеушілер қоғамдық пікірді білдірудің құқықтық, құқықтық

емес және құқыққа қайшы түрлерін ажыратады, ал қоғамдық пікірді жеткізуші-субъектілердің санына қарай пікір білдірудің жеке және ұжымдық нысандарын ажыратады.

Құқық қолданушыға қоғамда қалыптасатын қоғамдық пікірі де ықпал көрсетуі мүмкіндігі сөзсіз. Көбінесе осы қоғамдық пікірді қалыптастыратын қоғам мүшелеріне әртүрлі факторлар әсер етеді. Мысал ретінде құқық қолдану тәжірибесі субъектісінің саяси, құқықтық мәдениетін, мемлекеттік органның ерекшеліктерін, оның басқару жүйесіндегі ықпалы мен орнын, мемлекеттік басқару әдістерін атап өтуге болады. Қоғамдық өмірдің кез келген фактілері мен құбылыстары қоғамдық пікірдің объектісі ретінде әрекет ете алады. Ол әрқашан белгілі бір идеялар мен құбылыстардың төңірегінде шоғырланған.

Мемлекет тарапынан қоғамдық пікірге оң көзқарастың маңызы жоғары. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясат немесе реформа "Ең алдымен адамдар" басты қағидатына бағынуға тиіс, "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидатын іске асыру бірінші орынға шығатын мемлекеттік басқару саласында реформаларын жүзеге асыру жолында. Мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде мемлекет алдында Мемлекет пен қоғам қатынасының "төрешіл" моделінен басқарудың проактивті, сервистік және азаматтардың сұраныстарына ден қойғыш нысанына көшу мемлекеттік органдар үшін негізгі мақсаттары тұр. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында атап кеткендей, қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтаждарына жедел ден қою мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары болып табылады. [2].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы

қабылданды, онда сервистік және "адамға бағдарланған", азаматтар мен олардың әлауқаты басты құндылықтар болып табылатын мемлекеттік басқарудың моделін қалыптастыру қажеттігі атап өтілді. Азаматтардың мемлекетпен өзара әрекеттесуін жақсартуда, біздің ойымызша, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қоғамдық пікірді есепке алуы маңызды рөл атқаруы тиіс, өйткені қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы тиісті өзара әрекеттестіктің жоқтығы, мемлекет, олардың мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу процесін реттеудің бөлшектенуі болып табылады. Осыны негізге ала отырып, мемлекетке деген қоғам сенімі, мемлекеттің өзгерістерге дайындығы, сындарлы қоғамдық диалог құру қажеттілігі ерекше маңызға ие. Мемлекеттік басқарудың тиімдірек болуына, азаматтардың басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысуына тұрақты сұраныс қалыптасады. [3]

Мемлекеттік басқару механизмін жетілдіру жолдарының бірі ретінде мемлекеттік басқарудың сапасын арттыру мақсатында қоғам жағынан мемлекет басқаруға белсенді араласу және қоғамдық бақылау құралдарын белсендірек пайдалану маңызды. Қоғамдық пікір маңызды әлеуметтік, саяси және тәрбие функцияларды орындайды, халықтың шешіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық мәселелерге берген бағасының нақты көрінісі болып табылады, әртүрлі ұйымдарды өмірмен, адамдардың мүдделерімен байланыстыруға жәрдемдеседі.

Қоғамдық пікірдің мазмұнын ақпараттың әлеуметтік құндылығы мен пайдалылығы, оның көлемі және сипаты қалыптастырады. Қоғамдық пікір заңи қызметке, сондай-ақ мемлекеттік аппараттың басқару қызметі саласындағы шешімдерді дайындау және қабылдауға айтарлықтай әсер етуі мүмкін ең маңызды әлеуметтік ақпараттың қайнар көзі ретінде әрекет ете алады.

Сондай-ақ, адамдар өз көзқарастары мен пайымдауларын қайта-қайта өзгерте алатынын, бір құбылыстарды әртүрлі тәсілдермен түсіндіре алатынын атап өткен жөн. Қоғамдық пікір құрылымына бұқаралық көңіл-күй, эмоциялар, сезімдер, сондай-ақ формалды бағалар мен пайымдаулар жатады. Қоғамдық пікір шындықты өзгертуге біржақты бағытталмаған. Ал қоғамдық пікір білдіретін бағалаулар қоғамда болып жатқан оқиғаларды адекватты түрде әрқашан да көрсете бермейді. Қоғамдық пікірде теріс пікірлердің, стереотиптердің, қате түсініктердің орны бар. Өзінің эмоционалдық сипатына байланысты кейде қоғамдық пікір біржақты болу ықтимал.

Мемлекет пен қоғамның өзара әрекеттесу деңгейі мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің қоғамдық пікірді есепке алу жүйесіне, олардың қоғамдық пікір арқылы алынған ақпаратты оңдеу сипатына, оған жедел ден қоюына, басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың күтулеріне қоғамдық пікір талаптарының сай ке-

луге байланысты болуы мүмкін. Қоғамдық пікірді қалыптастыруға қабілетті азаматтар тарапынан да, келіп түскен ақпаратқа дұрыс баға бере алмайтын мемлекеттік қызметшілер мен лауазымды тұлғалар тарапынан да біліксіздігінен қоғамдық пікір қауіпті де болу мүмкін.

Зерттеушілер қоғамдық пікірдің мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын субъектілерді де, құқық қолдану субъектілерді де әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың мүддесінде шешім қабылдауға итермелеуге қабілетті екенін атап өтеді, осында өз өкілеттіктерін жүзеге асырудағы бастамашылық, дербестік пен тәуелсіздіктің көрінісі де аса маңызды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының әртүрлі қайнар көздерінің дамуы, олардың халық арасында кеңінен қамтылуы, ақпаратты берудің әртүрлі арналарының пайда болуы, соның ішінде интернет, әртүрлі әлеуметтік желілер, веб-сайттар, блогтар арқылы, бұқаралық ақпарат құралдарының мүшелері тұтынатын ақпарат ағынының көлемінің артуы қоғамда «қоғамдық пікір» түсінігін реттеу, оның адамдарға қалай әсер ететінін зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Қоғамдық пікірді қалыптастыру кезінде қоғам мүшелерінің қоғамда болып жатқан түрлі аспектілер мен оқиғаларға қатысты пікір қалыптастыратынында байқауға болады. Соның ішінде құқық саласында қалыптасады.

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент В.В. Кожевников өз зерттеуінде атап өткендей, «құқық туралы қоғамдық пікір – бұл ең алдымен қоғамдық сананың ерекше жағдайы». Одан әрі ол қоғамдық пікірге қатысты «ол жаппай, салыстырмалы түрде тұрақты, сананың бірде-бір «пән» нысанымен шектелмейтінін, бірақ идеология деңгейінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік психология деңгейде моральдық, саяси, құқықтық және басқа да шындықты түсіну элементтерін қамтитынын атап өтеді. Оның үстіне құқық туралы қоғамдық пікірдің құрылымында көбіне заңға, әділеттілік актісіне және т.б. моральдық-саяси баға басым ролін ойнайды [4] Қоғамдық пікірді түсінігін зерттеу «қоғамдық пікір зерттеу мәселелері құқықтық сананың жалпы мәселесінің құрамдас бөлігі» деп есептеген Г.Х.Ефремова мен А.Р.Ратиновтың позициясынан қарастыруға болады. [5]

Қоғамдық пікірде ерік қағидасы - адамдардың бағытталған әрекеттері қызмет етеді. Қоғамдық пікір конструктивті немесе деструктивті болуы мүмкін. Бұдан оның қоғамның экономикалық, әлеуметтік, қаржылық қауіпсіздік деңгейіне ықпалының күші байқалады. Пікір құрылымына жүгінетін болсақ, онда ол алуан түрлі, адамдардың психикасының белгілі бір элементтері негізінде туындайды. Ғалымдар қабылдау мен түйсіктен туындайтын пікірлерді (қабылдау мен қатынасты орнату), сезім, менталитет пен ой қорытынды негізінде туатын пікірлерді, психиканың басқа компоненттері негізінде туындайтын пікірлерді: ерік, көңіл-күй, қызығушылық, қиял, жады және т.б. пікірлерді ажыратуды ұсынады.

Пікірлер құрылымының ерекшелігі сол, бір

жағы жеке тұлғаны, қайталанбас жағын, ал екінші жағы - жеке адамның пікірін білдіруде көп адамдарға ортақ, қайталанатын әлеуметтік жағын сипаттай алады. Сондықтан адамдардың бірлескен іс-әрекеті жағдайында көрінетін топтық, ұжымдық, бұқаралық және қоғамдық пікірлерді зерттеуге де сараланған тәсіл қажет. Осыған сәйкес пікір құрылымы топтық пікірдің түрлі компоненттерінің жиынтығы: үлкен және кіші топтардың, ұжымдардың пікірлері ретінде көрінеді.

Қоғамдық пікір мемлекеттің, бұқаралық ақпарат құралдарының және олардың саяси қолдауын кеңейтуге мүдделі басқа да саяси субъектілердің басты серіктесі болып табылады [6]. Оны азаматтардың мүдделері туралы ақпараттың негізгі көзі, олардың билікке, оның нақты әрекеттеріне қатынасын білдіру механизмі деп санауға болады. Қоғамдық сауалнамалар халықтың саяси бейімділігін, олардың мемлекеттік органдардың іс-әрекетіне көзқарасын анықтау үшін жиі құрал ретінде пайдаланылады. Билік шешім қабылдағанда жұртшылықтың айтқан ұстанымдары мен бағасын ескеруі де, есепке алмауы да мүмкін. Дегенмен, олар қоғамдық пікірге үн қосып, оған деген көзқарасын белгілей салу қажет. [6]

Соған қарамастан, қоғамдық пікір үлкен әлеуметтік топтардың (ең алдымен халықтың көпшілігінің) қоғамды қызықтыратын шындықтың өзекті мәселелеріне айқын (немесе жасырын) қатынасын сипаттайды.

Сонымен қатар соңғы жылдары интернет пен оның түрлі коммуникациялық құралдары қоғамдық пікірді қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Интернетте қоғамдық пікірге әсер етудің кең мүмкіндіктері бар, сондықтан Интернетте құқықтық реттеу әдістерін кеңейтудің маңыздылығына қатысты жарияланымдар саны артып келеді, мысалы, заң ғылымдарының докторы, құқық докторы Е.В. Талапинаның зерттеуі [7] Лебедева Н.Н. атап өткендей, соңғы уақытқа дейін Интернет толықтай дерлік өзін-өзі реттейтін орта болды, онда ақпарат алмасуға қатысушылар стихиялық түрде қалыптасқан мінез-құлық нормаларын, «желілік» этикеттің бір түрін ұстанды. Интернет қатынастары өзін-өзі реттеуі мораль, этика, әдет-ғұрып, дәстүр нормаларына негізделген. Алайда, егер мемлекет интернеттен қауіп төніп тұрғанын сезсе, оған бақылау орнатуға тырысады. [8, 26 б. ]. Д.Л. Стровский интернетті құқықтық реттеу мәселелеріне назар аударады [9] Қазақстандық зерттеушілері, атап айтқанда Ерджанов Т.Қ. сондай-ақ өз зерттеулерінде жаһандық ақпараттық-коммуникациялық желілердегі (Интернет) қызмет туралы жеке заңның қажеттілігіне назар аударады. [10] Онлайн коммуникация жеделдігі мен синхрондылығы, минималды

цензура, интерактивтілік, интернет-байланысты орталықсыздандыру – осының барлығы әлеуметтік желілерді және жалпы интернетті пайдаланушылардың кез-келген қоғамдық ақпаратқа тең және еркін қол жеткізуіне ықпал етеді, сыни ұтымды болуы үшін жағдай жасалды, диалог және соның нәтижесінде қоғамдық пікір қалыптастыруға мүмкіндіктерді жасалады [11]

Сондықтан бұқаралық қоғамның ақпараттық қоғамға көшу жағдайында интернеттің мүмкіндіктері мен оның қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпалына назар аударып, зерттеу жүргізу маңызды. Ақпараттық желілердің мүмкіндіктері қоғамдық өмірдің барлық құрамдас бөліктеріне күшті ықпал көрсетеді. Бұқаралық коммуникация мүмкіндіктері негізінен адамдардың көзқарасы мен мінез-құлқына, соның ішінде қоғамның белгілі бір мәдениетінде бұрыннан қалыптасқан құндылықтар контекстіне әсер етеді.

Сонымен қатар, бұқаралық коммуникациялар қоғамдық пікірге бейресми әсер етудің қуатты көздері болып табылады және көптеген адамдардың жеке өмірімен тікелей байланысты. Қазіргі заманда БАҚ, оның ішінде интернеттің ақпараттық өрісіне өтіп, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, дәстүрлі БАҚ-тың негізгі құралдарын алмастыра отырып, барлық негізгі ақпарат ағындарын қамтып тастайды, сондықтан олар қоғам өмірінің негізгі өрісіне айналады, және, әрине, қоғамдық пікірге әсер ететін негізгі арнаға айналады.

Сондай-ақ соңғы жылдары қоғамда, оның ішінде ақпараттық салада адамдар арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктің мүлде жаңа жолдары қалыптаса бастады, пікір білдірудің жаңа тәсілдері белсенді түрде дамып келеді, «пікір көшбасшыларының» жаңа типі, атап айтсақ, «жаңа медиа» (қоғамдық пікірді білдіруге арналған блогерлердің блогтары және басқа да платформалар) дамуда, олар жоғары мобильді дәрежесі, ақпараттық мазмұнды жедел реттеу мүмкіндігі, бейнехостинг сияқты цифрлық технологияларды, стриминг (мультимедиялық стриминг), «тікелей эфир» т.б. кешенді пайдалану арқасында қоғамдық пікірді басқаруға үлкен мүмкіндіктерге ие.

Қорытындылай келе, қоғамдық пікірді жедел және позитивті қалыптастыруға, қоғамда пісіп-жетілген әлеуметтік-саяси мәселелерді, құқықтық саладағы мәселелерді шешуге барлық артықшылықтар мен мүмкіндіктер бар екенін тани отырып, сонымен қатар қоғамдық пікірге манипулятивті әсер ету потенциалы жоғары екендігін атап кету жөн, сол себепті осы мәселелерін тереңірек зерттеу қажет.

#### Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:

1. Демидов Алексей Сергеевич. Право и общественное мнение : вопросы теории : диссертация ... кандидата юридических наук : 12.00.01 / Демидов Алексей Сергеевич; [Место защиты: Саратов. гос. акад. права].- Саратов, 2008.- 298 с.

2. «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. //«Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық- құқықтық жүйесі/ күні 20.12.2021)
3. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы. //«Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық- құқықтық жүйесі/ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000522> ( күні 20.12.2021)
4. Кожевников В.В. Общественное мнение и право // Психопедагогика в правоохранительных органах. – 2001.- № 2. - С. 12-23// <https://cyberleninka.ru/article/n/obschestvennoe-mnenie-i-pravo/viewer>
5. Ефремова Г.Х., Ратинов А.Р. Изучение правосознания и общественного мнения о преступности и деятельности правоохранительных органов. – М. , 1989.
6. Поминов Д.Ю. Общественное мнение как способ формирования общественного сознания граждан России. // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. — 2009. — № 114. —С. 370-376 // <https://cyberleninka.ru/article/n/obschestvennoe-mnenie-kak-sposob-formirovaniya-obschestvennogo-soznaniya-grazhdan-rossii>
7. Талапина Э.В. О возможностях правового регулирования Интернета. Информационное общество и общественная безопасность. С. 57-75 // <https://cyberleninka.ru/article/n/o-vozmozhnostyakh-pravovogo-regulirovaniya-interneta/viewer>
8. Лебедева Н.Н. Право. Личность. Интернет. М., 2004. С. 121—123. // <https://dereksiz.org/lebedeva-n-n-pravo-lichnoste-internet.html>
9. Стровский Д.Л. Правовое регулирование интернета: к рассмотрению проблемы. Межкультурные коммуникации в современном мире: Сборник статей. С.89-98. // <https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/25629/1/iurp-2014-129-11.pdf>
10. Ерджанов Т.К. О необходимости отдельного закона о деятельности в глобальных информационно-коммуникационных сетях (Интернете)// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31538062](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31538062)
11. Малькевич А. А. Роль социальных сетей в протестном политическом участии граждан // Управление и консультирование. – 2020. № 1. С. 35-41 // <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-sotsialnyh-setey-v-protestnom-politicheskom-uchastii-grazhdan>

#### References:

1. Demidov Aleksey Sergeevich. Pravo i obshchestvennoye mneniye : voprosy teorii : dissertatsiya ... kandidata yuridicheskikh nauk : 12.00.01 / Demidov Aleksey Sergeevich; [Mesto zashchity: Sarat. gos. akad. prava].- Saratov, 2008.- 298 s.
2. «Syndarly қоғамдық dialog - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. //«Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық- құқықтық жүйесі/ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1900002019>(қаралған күні 20.12.2021)
3. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы. //«Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық- құқықтық жүйесі/ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000522> (қаралған күні 20.12.2021)
4. Kozhevnikov V.V. Obshchestvennoye mneniye i pravo // Psikhopedagogika v pravookhranitelnykh organakh. – 2001.- № 2. - S. 12-23// <https://cyberleninka.ru/article/n/obschestvennoe-mnenie-i-pravo/viewer>
5. Efremova G.Kh., Ratinov A.R. Izucheniye pravosoznaniya i obshchestvennogo mneniya o prestupnosti i deyatelnosti pravookhranitelnykh organov. – М. , 1989.
6. Pominov D.Yu. Obshchestvennoye mneniye kak sposob formirovaniya obshchestvennogo soznaniya grazhdan Rossii. // Izvestiya Rossyskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.I. Gertsena. — 2009. — № 114. —S. 370-376 // <https://cyberleninka.ru/article/n/obschestvennoe-mnenie-kak-sposob-formirovaniya-obschestvennogo-soznaniya-grazhdan-rossii>
7. Talapina E.V. O vozmozhnostyakh pravovogo regulirovaniya Interneta. Informatsionnoye obshchestvo i obshchestvennaya bezopasnost. S. 57-75 // <https://cyberleninka.ru/article/n/o-vozmozhnostyakh-pravovogo-regulirovaniya-interneta/viewer>
8. Lebedeva N.H. Pravo. Lichnost. Internet. М., 2004. S. 121—123. // <https://dereksiz.org/lebedeva-n-n-pravo-lichnoste-internet.html>
9. Strovsky D.L. Pravovoye regulirovaniye interneta: k rassmotreniyu problemy. Mezhkulturnye kommunikatsii v sovremennom mire: Sbornik statey. S.89-98. // <https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/25629/1/iurp-2014-129-11.pdf>
10. Erdzhanov T.K. O neobkhodimosti otdelnogo zakona o deyatelnosti v globalnykh informatsionno-kommunikatsionnykh setyakh (Internete)// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31538062](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31538062)
11. Malkevich A. A. Rol sotsialnykh setey v protestnom politicheskom uchastii grazhdan // Upravleniye i konsultirovaniye. – 2020. № 1. S. 35-41 // <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-sotsialnyh-setey-v-protestnom-politicheskom-uchastii-grazhdan>